

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің
№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

01.09.2023 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, доцент м.а. А.Джумадуллаева, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, докторант З.Сенгирбаева, Білімгер Ү.Абдуалиев, кафедра ОПК.

Күн тіртібі:

1. АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу
2. 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу

Тыңдалды.

АК төрағасы Қ.Базарбаев: Бүгінгі күн тәртібінде АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу мәселесіне тоқталайық. АК кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, ББ Реестрінде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылады. АК – университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес құрылған Академиялық комитеттердің жұмыстарын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

АК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері: жаңа немесе инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу; қолданыстағы ББ жаңарту мақсатында өзіндік бағалау; өзіндік бағалау нәтижелерінде қолданыстағы ББ өзектендіру мақсатында АК және кафедра меңгерушілері нақты іс-шаралар жоспарлап, жүргізеді.

К.Жетібаев: Екінші мәселеге байланысты, 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеуде университет пен кафедра мүмкіндіктеріне талдау жүргізу қажет. Жоспарлайтын іс-шаралар ББ-на мониторинг жүргізу барысында нәтижесін көрсету маңызды. Бірінші кезекте кафедра потенциалы мен білімгерлердің, жұмыс берушілердің ұсынысы ескерілсе деген ұсынысым бар. Оқу процесі мен қатар тәжірибе өту мүмкіндіктері ескерілу қажет. ББ рейтингі мәселесін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Түлектердің жұмысқа орналасу мәселесі де ББ рейтингі үшін маңызды индикаторлардың бірі. Сондықтан жоспарланған мәселелер нақты орындалатын іс-шара болып нәтижелі болуын көздейік. ББ бойынша практика бағдарламаларына аудит ұйымдастыру, мазмұнын талдау және жұмыс берушілермен кездесулер ұйымдастыру мәселелерін толығымен қолдаймын.

М.Салғараев: ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік семинар ұйымдастыру қажет екендігін атап өтті.

Шешім: Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын.

АК төрағасы:

Қ.Базарбаев

Хатшы:

А.Оспанова